

Республиканың ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін лизинг шартымен тракторларымен қамтамасыз ету мақсатында өзара борыштарға есептеу жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 21 шілдедегі N 1141.

Республиканың ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін лизинг шартымен "Павлодартрактор" акционерлік қоғамы шығаратын тракторлармен қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "Алматы поршень заводы" акционерлік қоғамының қосылған құнға салынатын салық және заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы бойынша республикалық бюджеттің алдындағы 100 (жүз) млн. теңге мөлшеріндегі берешегіне өтеу жүргізісін.

Көрсетілген соманы "Павлодартрактор" акционерлік қоғамының республиканың ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне лизинг шартымен тракторлар беруі жөніндегі шараларды ұйымдастыруы үшін Мемлекеттік ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау қорын қаржыландыру есебіне есептесін.

Берешекті есептеу көрсетілген сома 1997 жылға арналған республикалық бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерінде көрсетіле отырып жүргізілсін.

2. "Павлодартрактор" акционерлік қоғамы республиканың ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне лизинг шартымен оның "Алматы поршень заводы" акционерлік қоғамына жинақтаушы бөлшектер үшін берешектерін өтеу есебіне тракторлар беруді жүзеге асырсын.

3. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі

"Павлодартрактор" акционерлік қоғамымен, "Алматы поршень заводы" акционерлік қоғамымен және лизинг берушілермен бірлесіп есептеу жүргізу үшін өзара борыштарды салыстыра тексеру актілерін ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы бақылау комитеті есептеу жүргізудің барысына бақылау орнатсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрінің

бірінші орынбасары